

Сайран ӘБУШӘРІП

(Түркістан)

АФРАСИАБТЫҢ ЭТНОТЕГІ

В статье рассматривается этногенез Афрасиабы-Лип Ер Тонги. | Makalade Afrasyabin etnik soyu anlatılmaktadır.
Афрасиаба-Лип Ер Тонғы.

Европалық, орыс және ирандық зерттеушілер Афрасиабты иран тектес деп біледі. Мысалы: Француз ғалымы Жан Пауль Роухтың пікірінше, орта ғасырларда түріктер тарарапынан Ирандық қауымға жататын самарқанттық Афрасиабты түрік деу белен алғып, ол Алп Ер Тонамен тәндестірілді. Мұндай қисын Иран дастанының ықпалынан тұындаған еді [1]. “Авестода” айтылған Афрасиабты әл-Бируни Тұранның қожайыны, түріктердің Атасы деп білді. Ал қарахандықтар болса (олардың мемлекетінің негізін қалаған жан-Сатұқ Богра), өздерін Афрасиабтың ұрпактары ретінде таныстыруға бейім тұрған еді.

Бұл қисын Бирунидің Түрік мемлекетін құрған қарахандықтар Афрасиабтың ұрпактары еді дегенінен көп бұрын орныққан болатын. Б.д. II ғасырындағы түріктердің ата жұрты Тұран болған деген тұжырым орныға бастағанда, отырыкшы қауымдарға карсы соғысқан көшпендейлердің батырлары да түрік билеушілері болған деу белен алды. Әсіресе, б.д. II ғасырынан бергі заманда Тұран атауы – Түркістан, тұрандықтар-түріктер деп атала басталғанда түрік ғұламалары Афрасиабты түріктен шықкан патша ретінде қабылдады [2].

Ж.П. Роух нендей деректерге сүйеніп Афрасиабты ирандық деп атағаны жайлы хабарламайды. Оның бұл болжамы, сөз жоқ, тұрандықтар мен ирандықтар қандас тайпалар болған деген пікірге негізделеді. Олай болуына төмендегі жағдайлар себеп болғанын айта кеткен жөн:

- 1) Бұрындары Тұранда тек арийліктер өмір сүрген, түріктер біздің әрамызда шығыстан ауып келген деген пікір үстем еді. Мұндай психологияның камалы әлі күнге дейін алынған жоқ.
- 2) Тұран жері ертедегі түріктердің материалдық және мәдени ескерткіштерінің қоймасы екендігі тек 1960-1990 жылдары ғана белгілі болды (Есік, Кемпір тәбе, Фаяз тепа жазулары мен ескерткіштері және т.б.)
- 3) Тарихшылар мен этнолигтар “Авесто” мен “Шахнама” сиякты тұындылармен теренірек танысу қажеттігіне мән бермей келді (олардағы, әсіресе түріктерге, Афрасиабқа қатысты мағлұматтар мен деректерге).
- 4) Қазақ этнологиясы көне замандарға қатысты фольклорды, әдет-ғұрыпты, салт-сананы саралауды кейінгі жылдары ғана қолға ала бастады.

Аталмыш пікірді жақтайтындардың алға тартатын негізгі аргументтері шамасы мыналар болуы керек:

- 1.Тұрандықтардың б.э.д. VII ғасырда Иранмен жапсарлас жерлерді мекен еткендігі.
- 2.Сак-скифтер мен массагеттердің иран текстес болғандығы.
- 3.Турдың Иран патшасы Фаридун ұлдарының бірі екендігі.
4. Афрасиабтың Тур әuletінен екендігі.
- 5.Афрасиабтың парсы атауы болғандығы.

“Авесто” арийліктердің шығысы мен солтүстіктегі көршілері турлар (тұрандықтар) екенін нақты көрсеткенімен, олардың этнотегінің қайдан шыкканын анық білдірмейді. Турлардың түркі текстестігі туралы мұнан гөрі “Шахнамада” теренірек және жан-жакты баяндалады.

Дегенмен де мұқият карасак “Авестодан” да бір талай мәліметтерді алуға болады. Тур мен Иранның бөлек-бөлек елдер екендігін тұрандықтардың “Авестода” тілге алынған Аржасп Хаян (яғни Хиона, Хияона) [3], “Қара” [4], “Васак” [5], “Қумояқа” [6], “Дуракат” [7] сияқты адам аттары, “Дан” (Дану), Хион және басқа тайпаларының атаулары анғартады [8]. Айтқандай, Хияона немесе Хион “Авестода” зардышт дінінің және Иран шахы Виштасптың дұшпаны болған халық ретінде көрсетіледі. Ол кейінрек сасандық шахтарға шығыстан шабуылдаған “Ак хұндар” болуы да мүмкін. Бірақ бұл мәліметтер де этнотек тұрғысынан нақтылық танытпайды. Соның үшін басқа деректерге, мысалы “Шахнамадағы” мына бір тұстарға назар аударуға тура келеді:

Рустам Бижанды құткармак болып Турға (Тұранға) саудагер кейпінде келгенде одан жергілікті тұрғындар, әсіресе Пирон кімсін, қайдансың деп сұрайды. Сонда ол:

Бе бозоргони зе Ирон бе Тур,
Бе пеймудам ин рохе душбор ва дур.
Форушанде ам хам харидор низ ...,
Харам чорпой ва форушам гохар
(Манижа ва Бижан, 458-б), деп жауап беріпті [9].

Аудармасы:

Ираннан сауда жасау үшін Турға келдім, қын да кауіпті жолдарды басып өттім, әрі сатамын, сатып та аламын, мал аламын, гаунар сатамын.

“Шахнаманы” сараптағанның өзінде Жайхун, Об өзені, Қара теңіз, Қаф тауы, Қытай теңізі, Ганг теңізі, Кочкарбашы – Қашкарбашы, Ганг каласы, Қотан, Сепидкух, яғни Ақтау дегені, Силхкух, яғни Қаратай, Қимак теңізі, Қандех сияқты жер аттары, Барман, Құман, Пашан, Аржасп, Демур, Комус (Құміс), Халладж, Қарахан, Аланан (Аландықтар), Ғуз, Макотуре, Шимр (Шымыр), Шігіл патшасы Мисре қатарлы кісі аттары мен тайпа аттары Орхон жазуындағы немесе М. Қашқари мен Ж. Баласағұни шығармаларындағы түркі тілімен де, олардың казіргі аталуымен де сайма-сай келеді. Дону, Фрияна, Шігіл б.д.д. VII ғасырда Тұранда өмір сүрген тайпалардың ішіндегі көлемдісі болды [10]:

Сүйе Мисре ном шохе чегел,
Ке дар джанг аз у ности шир дел (685-б.)

Аудармасы:

Шігіл патшасы Мисре мен арыстан жүректі Аржасптың нұсқауымен Тұран батырлары Козрам, Андаман, Хамаш, Хушдаб бастаған Тұран әскері Гуштасп^{*} басқарған Иранға шабуыл жасады.

Бір ғана Сухробка байланысты айтылған жерде “Тұрандықтар”, “Тұрандық әскер”, “Тұран елі” сияқты тіркестер 28 рет, “түрік пахлаваны”, “түрікті жендік” сияқты сөздер мен тіркестер 3 рет қайталанған [11].

Іә, б.д.д. VIII-VII ғасырларда тұрандықтардың Тұранды мекен еткені тарихи шындық. Бұл тұрандықтар үшін өз ата жүртін әйгілеп, елдігін орнықтырып алу үшін жанталасқан қанкешті аласапыран ғасырлар еді. Аталған кезеңде Тұран халқы, әсіресе оның көшпендері Сырдария мен Амудариядан Солтүстік пен Қыыр Шығысқа, Сібірге дейінгі, ал батыста Еділ мен Жайық, Орал маңы, Қара теңіз атырауы, Кіші Азия, Кавказ және Месопатамияны камтыған жерлерге дейінгі аралықта еркін түрде коныс ауыстырумен болды. Олар батыстан шығысқа, шығыстан батысқа жосыды. Бірак көптеген түрік тайпалары Тұранның Орталығында кала берді (Фрлна, Шігіл және т.б.).

Әрине, бұл елдер ру-тайпаларға бөлінді. Олар ирандық тайпалар, яғни арийліктер (ак сүйектер) және турлар болып екі тарапқа бөлінетін. Авестада арийліктер тобына тек ирандықтар ғана жатқызылады. Ал Шахнамада турлар тобына түріктер жатқызылған.

“Шахнамада”, “Шігіл”, “Ғұз”, “Алан” және т.б. түрік тайпалары тілге алынған. Бұларға сибар, аргимпай, сак-массагет, кен, гур, құмық сияқты басқа тайпаларды қоссак б.д.д. VII ғасырда Тұран жерінде 10 емес, 100 шакты тайпа-рулы ел өмір сүрген болып шығады.

Тұрандықтардың бірсынырасы б.д.д. Иранға жақын жердегі шекаралармен қанаттас тұрды, ирандықтармен етene жақын катынаста болды. Олардың билігіндегі құрамға енді. Міне, тұрандықтардың бәрін ирандық сипаттас деп қару осыған байланысты белен алған болуы керек.

Тұран аталған кеністіктің тарих төріне әйгілі болған тұсы б.д.д. VII ғасырдан б.ж.с. VI ғасыры немесе әйгілі Түрік қағанаттары – империялары қанат жайғанға дейінгі 13 ғасырға созылған уақыт. Осынау уақыт ішінде бұл далада, аймакта Түрік, Иран текстес дүйім кауымдар катар өмір сүріп келді. Бұл тайпалар ерте заманнан бері мәлім болса, олардың жалпы аттары арғы парсы жазбаларында Тур, ал ахеменид династиясы билік құрған кезде сака және т.б. деп айтылатын болған.

“Авестода”, “Түр”, “Тұран”, “Тура” деген атаулар кездеседі (мысалы, “Фарвардин яштта”-31 бөлім, 143-бөлікше өлең, 262-б.). Бұл сөздердің мағынасы – корықпас, бақадүр. “Авестода” “туйря” деп аталған турлар

* Гуштасп Зардуштың замандасы болған билеуші. Ол Зардушт дінінің кең жайылуына жәрдемдескен билеуші. Оның аты “Дин карт” (мағынасы – “Діни амалдар”) кітабында тілге алынған. Бірак Гуштасп “Авесто” мен “Шахнамада” бір-бірімен үйлеспейтін мағынада бейнеленген.

Амудария өзенінің солтүстігіндегі жерлердің тұрғындары болып есептелген. “Авестодан” Тұранның бірсызыра билеушілері – Афрасиаб, Ағрирас, Гарсиюз, Виса отбасының ұлдары [12] – Ювойишт [13]. Аржаспа [14] және баскалар; тайпалар – Дану [15], Хюн [16], Фрилн [17], Виса хакында мәліметтерді алуға болады.

Иран дастандары мен түрік аныздарында (М. Қашқари) Қашқар (Ордакент) мен Шу алабын ордабасы еткен ұлы патша Афрасиаб (=Тоңа Алп) Мидия мен Ассирия билеушілерімен бір заманда өмір сүрген деп көрсетіледі. Ол көне Үнді аныздарында турадан тура “Сак билеушісі” деген атпен белгілі [18]. Осыны инабатка алған ғалымдар (В. Аристов пен Е. Майер) Түрікті Сакалардың бір ірі бөлігі деп карастырған-тын [19]. Аристов тіпті Якуттерді, Сібірдегі “Сагай” түріктерін және қырғыздардың “Сайак” тайпасын көне сактардың ұрпактары деп білген [20]. Ал тұрандықтарды түрік тегіне жаткызыған лектің көш басында Фирдаусидің өзі тұр. Тұрандықтардың түрік тегі туралы фирмудылық кисын-қағиданы М. Қашқари, Ю. Баласағұни, Джовейни, Табризи ұстанды, ал XIX-XX ғасырда шығыстанушы ғалымдар: З.Тоган, В.Аристов, Е.Майер және баскалары колдады.

Ахеменидтер (Ахмонилар) заманында Иран шегарасы солтүстікте Сырдария, Каспий теңізі, Үлкен Кавказ таулары, Қара теңіз, ал шығыста Синд өзені мен Пенджабтың бір бөлігі бойынша тартылып, тиянакталды [21]. Әлбетте, бұл жерде ирандық автор Х. Қаҳрай ирандықтардың Сырдарияға дейін әскер тартып келгенін назарда ұстаған болуы керек.

Кайхысрау тұсында да Иран – Тұран шекарасы Амудария бойымен тиянакталды. Баяғысынша Джайхуннан өту шекараны бұзу болып есептелді:

Ке лашкари безназдике Джайхун расид,

Хаме руй кешвар сепах гостарид (545-б, Кайхысрау мен Афрасиаб соғысы)[22].

Осы тұстан бастап грек жазбаларында Амудария Окс деп. Тұранның солтүстік батысын мекендегендер скифтер, ал парсы деректерінде турлар немесе сакалар елі деп аталған. Демек, “ОКС” – оғуз деген тайпа атының жер-су атында сакталған түрі болуы мүмкін.

Бұл ретте мына бір жәйтті алға тарта кетейік: ағылшын тіліндегі “Оксфордтың” “ОКС” (оғуз, өгіз) және “форд” (өткел, көпір) деген екі сөзден құралғандығы белгілі. Орта ғасырларда бұл жерде мал базары болған. Сол жерде бір оку орны ашылып, уақыт өтісімен ол үлкен университетке айналған екен. Қазіргі уақытта ол “Оксфорд университеті” деп аталады.

Түр атауы тек бір тайпаға қойылған ат емес. Дүйім сак-массагеттер мен скиф-киммерилердің құрамында казіргі қазак, өзбек, қырғыз, түрікменді құраған баскалай тайпалар да болды. Бұл тайпалардың мекені Амудария, Сырдария, Жетісу, Ертіс, Іле, Орхон өзендері. Сібір ормандары, Ханғай таулары және Монғол үстіртімен сабактас жатыр. Оларды Фирдауси түріктер деп таныған.

Тұр. Тұран билеушісінің “Афрасиаб” атауы түрікше емес. Ол көрші ирандықтардың берген атауы. Элбетте, кайсы бір ұлыс-тайпаның атына қарап этникалық тегін анықтау мүмкін емес. Айналамызға зер салып қарасақ, көпшілік елдердің ат айдарын ұлыс-тайпалардың өздері емес, олардың елі мен жері, тұрмыс салты мен затына қарап көршілері койғанның куәсі боламыз. Мысалы, түріктер маньчжурлықтарды дене бітіміне орай “шұршіттер”, ал казактар үйғыр мен өзбектерді отырықшылдық және сауда тұрмысына қарап “сарттар” деп атаған. Ал ирандықтар мен тұрандықтар ұзак уақыт бойы қоян-қолтық өмір сүргендіктен, бір-біріне қалай да ат қойып айдар тағуына боларлықтай мүмкіндігі болған.

Бұл Иран мен Тұранға тән кейбір ортақ ерекшеліктердің болуы олардың қандас туыстығы дегеннен гөрі сол кездегі экономикалық-мәдени тағдырының және жерлерінің ұштасқандығынан туындаған десек кисынға сиятындағы. Бұлардың этникалық, тіл, мәдениет және саяси жақындығы туралы тарихта ешбір мәлімет жок. Осы екі туынды (“Авесто” мен “Шахнама”) бойынша, тұрандықтар Иран және оның билеушілері үшін “ата жауы” саналатын. Сондыктан тұрандықтар мен ирандықтар арасындағы соғыс сыртқы, еларалық соғыс тұрғысынан қаралуы керек. Ахеменидтер, одан кейін сасанилер шығысы мен солтүстігіндегі көршісі Тұранмен жайы жараспай көп дауласты, көп соғысты. Бір ғасыр емес, бір неше ғасыр бойы, тіпті біздің заманымыздың I мыңжылдығы мен II мыңжылдығының басында да кырқысып жүрді. Көрші отырған, салт-сана, мінез-құлқы, тілі, мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың арасындағы дұрдараздықтың осыншама тарихи уақытқа созылуы мүмкін бе? Ақыры, ирандықтар Афрасиабты өлтіріп тынады, ал тұрандықтар болса, олардан өш алуға бел байлады ...

Қарахан қосындарын талқандағаннан кейін Кайхысрау мен Рустамның біріккен әскерлері Ганга ұшырасты. Алп Ер шөлге шегінді. Гангидиз (Кенджида), Ганг (Кан) қаласы орналасқан аймак Күлтегін жазуында Қаңутарбан деп аталған. С. Кляшторныйдың жазуынша, “тар” (қара) + “банд” (бекініс). Ол Сырдария орта ағысының он жағалауындағы Отырар оазисінің бір атауы [23]. Зерттеушілер оның бас кенті Арыс өзеніндегі Арысбаникет деп біледі [24].

Бұл жерлердегі шайқастардан онбастай женілген Алп Ер Тянь-Шаньдағы Қочқарбасы мен Кимектер өлкесіне, Алтайға дейін қуғындалды, содан Қытай тенізіне дейінгі аймакты мекендеген туыстас тайпалардың еліне қарай бет бұрады [25].

Иран дастандарында Афрасиабтың ұлы Ержасып (Аржасып деп те айтылады) заманында Хорасан мен Мәуараннардағы әскери қақтығыстар сөз болады. Оларда Ержасып женіліске ұшырап отырып, елдің ішкі жағына шегінді делінген. Ол Иран дастандарында “Хиундардың падишаы” ретінде көрсетілген [26].

Афрасиаб билігінде болған тайпалардың ежелгі Тұран жеріндегі жағрапиялық орналасуы, этнотегіне және Афрасиабқа жәрдемге келіп,

бәрінің бір ортак жауы болған Иранға қарсы құресуіне қарағанда, олар етене жақын тайпалар болуы мүмкін деп болжамдауға болады. Өйткені, бұлардың тек тарихи жағрапиялық орналасу жайы ғана емес, жоғарыда айтып кеткеніміздей. тайпа тамғалары, колөнер бұйымдары, тұрмыс салты ұксас және олар казіргі түріктерге жақын келеді. Турлардың бірсыптырылғанын ирандықтармен тілдік ара жақындығы болғанымен туыстық байланысы жок және өз билігі өзінде болған түрік тектес тайпалар тобына жатқан деуге болады.

Ежелгі тайпалардың өмір салтынан әбден орын алған зандылық – этноцентризм. Ол бойынша, дүние екіге: өзінікіге және бөгдеге бөлінеді. Өзінікінің бәрі жақсы деп қабылданады. Ал барлық жамандық, ыластық, сұркайлық бөгде тайпаның басына үйіп-төгіледі. Мұны біз “Авестода” сипатталған Афрасиаб бейнесінен көреміз. Оның колынан келетіні тек ахримандық жауыз қасиеттер. Ол тіпті дария суларын да жібермей қойып, елдерді, жерлерді қаңыратып қойған-мыс. Ал Хаюн тайпасынан шыққан тұрандық Аржасп-дев (дию) сипаттас шах және Зардұшт дінінің кас дұшпаны ретінде көрсетіледі. (Дравоспа қасидасы, яғни мадағы. 7-бөлім, 30-бөлікше, 244-б.)

“Авестоның” тағы бір жерінде Сұлу Хавмның Ашадан өтініп жалбарынғаны берілген. Ол Франхрасянды (Афрасиабты), яғни жауызды арий елдерін біріктірген Хұсрауға әкеліп тапсыруыма жәрдем бер деп жалбарынады. Ал Виштасп болса, Хионның басшыларының бірі Аржатаспаны, яғни жауыз әрі суайтты женуіме, жермен-жексен етуіме көмектесе гөр, Ей Аша, дейді (Аша Қасидасы (яғни мадағы)) [27].

Қарахан саларе чарампесар,
Камар баст ва омад бе пише педар.
Беду дод торке чегеле си хезар ...
... Тарази ва ғузи ва халадж севар
(Кайхысрау мен Афрасиаб соғысы 545-б.).

Аудармасы: Қарахан батыр белін бекем буып әкесіне келді. Оған әкесі шігіл түріктерінен 30 мың берді, тараздықтардан, ғұздардан және атты халадждардан берді (Жомарт).

Хамон си хезор аз илон торкман (545-б.).

Аудармасы: Сол отыз мың түрікмендер.

Осындай этникалық ала-құлалыққа қарамастан бұларды бір елге жатқызады. Ал Тұран мен Иранға екі ел деп қарайды:

Сепохе бо кешвар кешидан саф [28].

Аудармасы: Екі ел әскері сап түзеді .

“Шахнамада” Сиёвуштың өліміне байланысты өш алу мақсатында Кайхысраудың өз әскерлерін Тұранға, Афрасиабка қарсы соғыска дайындаған бастаған сәті суреттелген. Бақадүрлерін бір-бірлеп көзден кешірген шахтың көнілі орнына түскендей болды:

Доңыз суретті туды көтерер әскери.

Ептілік танытар арқанда жүруде және майданда жауынгері

(Кайхысраудың өз әскерлерін сапарға дайындауы).

... Доңыз сурет байрактың астында тұрап.

Дүниені бейне қылышпен қайшылар.

Гуроза есімді батыр-баһадүр болады ол,

Арыстанмен шайкасуды ойыншық көреді ол.

(Фуруд пен Тахордың әскерді қөруге барғаны-294-б.).

“Шахнамадағы” осы жолдардың өзі де арийліктердің шошқа малын ұстагандығын көрсетсе керек. Ендеше, еш уақытта бұндай малы болмаған тұрандықтар ирандық кауымдастықка жатпаған. Мұны олардың ара жігін ашып көрсетіп тұрған тағы бір комакты уәж-дерек дер едік.

Тұрандікі деп танылған қала аттары, тас жазулар, күміс тостағандығы жазулар, орнаменттер мен бұйымдар, сенім-нанымдар түрік текстес басқалай тайпалардікімен сайма-сай келеді. Тұран территориясында күні бүгінге дейін тұрандықтардан, Афрасиабтан (жоктау және т.б.) калған іздер Түркілік нарқын сол қалпында сактап келеді.

Мысалы, “Хатун” деген сөзді алатын болсақ, ол – Афрасиаб қыздарының құрметті есімі делінген “Диуани луғатит туркте”. Ал синологтар жазғандай (финляндиялық монғол және түріктанушы Г.Ж. Рамsted), б.д.д. қытай жазбаларында осынау түрік сөзі мен басқа сөздердің (“қыз”, “хатун”, “хан” және т.б.) сакталанып қалғандығы, олардың казіргі түркілердің тұрмысында қолданылатындығын айтпағаның өзінде, М. Қашқаридің оларды тілге алуы уақыт жағынан алып қарағанда да сол замандардағы түріктік нышандардың ізін көрсетіп тұр деуге болады.

М. Қашқари “тегін” сөзіне қызықты түсінік берген: “Тегін – бұл сөздің тұп-төркіні құл еді. Сондықтан, түрі-түсі күмістей құлпырған құлды Күміш тегін, батыр құлды Алып тегін, құтты аяқ, майлы аяқ құлды Құтлығ тегін деп атайтын. Бертін келе тек кана қағанның балаларына бағышталып қалды. Тіпті, бұл сөз кейбір жыртқыш құстардың атымен косарланып қолданылатын болды. Мәселен, Чағры тегін-Қаршыға тегін, Құч тегін-Құшті тегін деп атайтындары сияқты. Бұл сөздің Афрасиабтың ұлдарына қалай көшкеніне келер болсақ, олар өздерінің аталарын аса құрметтеп, ерекше теңдессіз көретін. Сондықтан олар кез-келген атасына жүгіне қалса, немесе хат жазса, өздерін мұлдем төмен ұстап, “Құлыңыз оны былай істеді”, “Құлыңыз бүгін мынандай іс бітірді,”- дейтін. Кейіннен бұл сөз олардың өздеріне атак, жанама есім болып қалды”[29].

“Ортағасырларда. – деп жазады Л.Н. Гумилев, – наймандардың болашак коныстарында “тикин” деген халық тұрған, тегі олар Алтай тауларында жасырынып қалған ежелгі түріктердің ұрпағы болса керек” [30]. Рашид-ад-дин тикиндерді (иен тегін) наймандарға ең жақын, канаттас тайпа болды деп көрсеткен [31]. Қазіргі уақытта Түркменстандағы бір рутайпаның аты да “текін”. Олай болса текіндердің сонау Афрасиаб заманынан бері өмір сүріп келе жатқандығына күманданбаса болады.

Геродот Гарғытайды скифтердің б.д.д. II мыңжылдықта өмір сүрген аныздық қаңарманы деп есептеген. IX-XII ғасырларда Монғол үстіртін, – деп жазады монғол тарихшысы Лувсанданзан, – “Он екі жаман хандар елі” деп аталған тайпа-ел мекен етті. Олар: Тайчылардың тарғытай Хирилтуғы ... (ерекшелеген автор) [32].

Афрасиабтың түрік тайпаларынан екенін М. Қашқари бірнеше жерде айтады. Бірде: “Хан – түріктердің ең ұлкен басшылары. Афрасиабтың балалары да хан деп аталады. Афрасиаб хаған еді. Бұл атпен аталу оқиғасы жайында ұзак хикая бар”, – десе, бірде “тоңа-жолбарыс тұқымдас бір түрлі хайуан. Ол – пілді өлтіретін аң. Бұл сөздің негізгі мағынасы осы еді. Бірак бұл сөз түріктерде мағынасы өзгерген түрде (де) қолданыла береді. Бұл сөз көбіне кісілердің қосымша таңылған лақап аты орнына жүреді. Тоңахан, Тоңа тегін деу осыдан.

Түріктердің ұлы хағаны Афрасиабты Тоңа Алп Ер деп атайдын еді. Бұл – жолбарыс сиякты құшті батыр адам деу”, – дейді.

Фирдаусидің “Шахнамасында” Тоңа Алп Ер (Афрасиаб) – түрік халкының б.д.д. VII ғасырда өмір сүрген ұлы хағаны.

Тоңа Алп Ер (Алп Ер Тоңга) туралы жыр, ұлы хаған өлгеннен кейінгі жүз жылды артқа салғанның өзінде де, ең кем дегенде б.д.д. VI-V ғасырларда туған деп болжамдауға болатын сиякты. Осы жырдың формалық жағынан жетілуі өте жоғары.

Алп Ер Тоңга (Тоңа) – тарихи адам. Ақыл-айласымен, күшімен, айтса сөзін өткізіп, тірессе женіп, елді – ел қылған батыр әлі көсем. Ол кайтыс болғанда, артында қалған елі жоктау шығарған. Сол жоктау ауыздан ауызға тарап, одан XI ғасырда түрік ғалымы М. Қашқаридің “Дивану лугат ат - түрк” шығармасына енген, сөйтіп біздін дәуірімізге жеткен ежелгі түрік әдебиетінің алғашқы нұсқаларының бірі болып есептелінеді.

Осы жыр тілдік ұлгісі жағынан да, ұғым-таным жағынан да, коршаган ортасына ішкі қатынасы жағынан да орта ғасырлардың жоктау жырларына өте жақын тұр. Бұл ретте Күл тегінге арналған “бакыл сөзді” (жоктау сөзді) мысал ретінде келтіре кетуге болады. Сондай-ақ, “Күлтегін ”, “Тонұқұқ” жазбаларынан тірілерге тән жоктау өлең де орын алған:

Күл тігін юқ ерсер.
Қоп олтечі ертігіз!
Інім Күл тігін кергек болты,
Өзім сақынтым! Көрүр көзім көрmez тег,
Білір білігім білmez тег болты,
Өзім сақынтым!
Ед тенрі jасар
Кісі оғлы қоп өлгелі төрүміс
Анча сақындым!
Көзде jаш келсер,
Еті да көңүлте сығыт келсер,
Жантуру сақынтым ! [33].

Ежелгі дәуір жоктаулары дегеніміз – міне, – осылар және бұлар, сол VI ғасырдан бұрын туып, VI-VIII ғасырлармен аяқталып біткен жыр емес, бұлар – кейінгі дәуірлерден өз жалғастығын тапқан поэзия.

М.Қашқари Сөздігінің ішіне енген басқалай жоктау жырларынан кайғы-мұң, өксік үн, зар естіледі.

Окушы: Кімі ічре олуруп,
 Іле сувын кечтіміз.
 Ұйғыр таба башланып,
 Мынлак елін астымыз,

– деп келетін ұзак ерлік-жорық жырын оқып, сонау өткен дәуірдің көш сокпағынан ата-бабаларының ізін таниды.

Алп Ер Тоңаға арналған жоктауға ұқсас Жочы хан өлгенде 1227 ж. жоктау жыр туды. Оны шығарған адам-найманның Кет Бұқа жырауы. Ол жыр:

– Теніз баштын булғанды,
Кім тундуур, а ханым ?
Терек тұптің жығылды,
Кім түрғузур, а ханым ? –

деген жырау сөзі мен,

– Теніз баштын булғанса,
Тундуур ұлым Жочы-дыр
Терек тұптің жығылса
Түрғузур ұлым Жочы-дыр –

деп келетін Хан “жауабы” түрінде еді.

Жоғарыда келтірілген жолдар тіл жағынан да өте түсінікті. Мұндағы салт, ұғым-түсінік бергі XV-XVIII ғасырлар жоктауларына тән салт, ұғым-түсінікпен бірдейлік дәрежеде.

Жоктаушы “өзім сағындым !” дейді. Бұлайша жоктау-өленге өз сағынуын косу – бергі дәуірлерге дейін сакталып жеткен.

М.Қашқари сөздігінде “кім еді ?” жоктау-толғау өлен бар. Мұнда негізінен өлген кісінің тірліктері артықша қасиеттері айтылады. Бұл форманы XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы казак поэзиясынан өте көп кездестіреміз.

Жалпы алғанда, жоктау жыр үлгілері VI-VIII ғасырларға дейін бар болған. Ескерткіш авторлары бұл үлгіні кеңінен пайдаланған.

Демек, б.д.д., одан кейінректе, орта ғасырларда жоктау өлендерде негізгі бір тілдік тәсіл болған, бұл үлгі қазақ поэзиясы деген поэзия туып калыптасқан ғасырларда жалғасқан. Сонымен “Алп Ер Тоңа өлді мү? ” жыры және осы сипаттас өзге өлендердің біразы, олардың поэтикалық үлгі-нормасы да, поэтикалық-тілдік тәсілдері де түрік халқының ауызша поэзиясының әрамызға дейінгі дәуіріне тән. Олар М.Қашқари дәуіріне (XI ғасырға) ауыздан-ауызға көшіп жеткен және олар “Сөздіктері” мақал-мәтелдер сиякты өзінің фонетикалық, лексикалық, морфема-формалық белгілерін түрік тілінің

(сөйлеу тілінің) бірнеше ғасыр бойында өзгеруі ыңғайымен өзгерте отырып жеткен. Сондыктан да оның гілдік белгілері XI ғасырдағы түрік тілі нормасына жат емес. Эрине, түрік қағандарының Иранға жорықтары Фирдаусидін “Шахнамасында” Тұран жаулаушылары ретінде суреттеледі. “Онда Тұран әскерлерінің Иранға көп жорық жасаған Афрасиаб, Демир Алп, Ердjasп (немесе Аржасп) т.б. батырларының аталуы да Афрасиабтың түрік текстес екендігіне көзінді жеткізе түседі. Иштеми баласы Қара Чуриң Турк оның Соух тегін Иль Арслан тұсында Иранға шабуыл жасады ... Ал Қара Чуриң Тұрктің немересі Тұн жабғу хан (VII ғасырдың алғашқы 20 жылы) кезінде бұл шапқыншылық жорық жалғаса берді. Н.Я. Бичуриң бұл жөнінде “Тұн Шеху хан батыр болды, оның әрбір соғысы жеңіспен бітіп отырды, өзіне Тиэліні косып алды, Персияны, Гибинді (Кашмирді) жаулады” деген. Ал оның немересі Нишу б.з. 630 жылдары Тунь алғау (муны Тоңа деп те окуға болады ма ?) Балиба Дулу хан деген лақап атпен такқа отырды. Ал оның інісі де Тоңа шад, кейін Ұшбара Қылыш хан деген лақап атпен такқа келді. Демек, Тоңа есімді түрік хандары әр заманда өмір сүрген екен.

Фирдауси жоғарыда аталған дастаның негізі б.д.д. және б.з. I-VI ғасырларында жасалған эпостық аныздар мен деректерге сүйене отырып X ғасырда жазды. Сөз жок, бұрын болып өткен оқиғаларды баяндауда әрі түрік қағандарының атын сол оқиғаларға телуде Фирдаусиде анахронизмнің болуы толық заңды: тарихтағы ізі анық бергі дәуір қағандарына арғы дәуірдегі көмекіленген тұтас оқиғалар телінуі мүмкін деп тұжырған авторлар бар. Бірак б.д.д. VII ғасырдағы оқиғалар мен билеушілер есімдері грек, ассирия, иран жазбаларында хатталған. Ендеше, Алп Ер Тоңаға арналған жоктау жасалу дәуірі жағынан тым арыда жатыр.

Алп Ер Тоңаға арналған жоктау жырындағы өлең үлгілері араб немесе иран поэзиясының әсерімен XI немесе X ғасырда туған жок, олардың көбінде өте көне дәуірдің ізі жатыр. Және де ол, К.Өмірәлиев жазғандай, араб-парсы поэзиясы әсерімен бірге келуге тиіс поэтикалық терминдер жок кезде түрік тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемінде – “көг” өлшемінде туған [34] болса Алп Ер Тоңаның (Афрасиабтың) түрік текстес екендігіне күмәндандуға болмас.

Жекеленген дыбыстық, қайсыбір лексикалық өзгешеліктер болмаса, жоктаудағы сөздер бізге кешегі XIX ғасырда туған сөздер сиякты көрінеді. Өзінің дүниеге келуі жағынан жүздеген жылдар арыда жатқан осы өлең бүкіл табиғатымен жана. Бұл өкінішті зар тілі өксік үнімен де жана. Ал бұл ескінің жаңалығы – бүгінгі мен арада жатқан үзілістің жоктығы, Алп Ердің түріктік этнотегін растайтын сипаттардың молдығы. Бағзы замандағы бұл жоктау үлгісі:

Көзүн йашын жұгұртұр,
Көңлің тұлды болғай му ?
Жырың көніл өкүртұр.
Жочы өлді болғай му ?

деп Шыңғыс ханға Жочы өлімін есіттірген Улуғ Жырчының XIII ғасырда туған жоктау сөзі сияқты сатылар арқылы бұғінге жетсе керек.

Алп Ер Тонаға арналған жыр ұйқас жағынан – аааә; әәә... түрінде келеді әрі өлдү мү – қалды мү – алды мү – түрінде, ал Жочыға арналған жоктау болғай мү – түрінде грамматикалық – формалық ұйқасқа құрылған, әрі біріншісінде “Емді жүрек жыртылур” деп айтылса, екіншісінде “көзүң йашын жүгүртүр, ... жырың көніл өкүртүр” деп келеді.

Сол кездегі тұрандықтардың дәстүр, салт-санасынан кейінгі кезеңдердегі түркі текстес халықтар, әсіресе қазак халқының бұғінгісімен сайма-сай келетін ұқсастықтар тым көп кездеседі. Бұл ретте б.д.д. сак заманындағы тұрандықтардың (түріктердің) асынған кару-жарактарының ерекшеліктерін көрсетуге болады. Әрине, тұрандықтар өздері жасаған кару-жаракпен бірге көрші елдерде жасалынған кару түрлерін де кеңінен пайдаланған. Сонымен қатар, олардың өздеріне тән, құралдарының болғандығынан “Шахнама” хабардар етеді: түріктер әскері темір сауытты болғанға ұқсайды. Мысалы, Рустам өз ұлына ақыл айтып, түріктерді сүреттегендеге:

Зал, ей, Песере Гушдор! ...

... Ке он торк дар джанғ аждохост.

Дар оханғ ва дар кине абр болост,

Дерафшан сиох аст ва хортане сиох

Зе оханғ со'ад зе оханғ колох (124-Кайқубод)

Яғни: Ей, ақылды балам. Зал! ...

Түрік соғыста айдахар, онын

Темірі де, өкпе-өші де катты

Темір шокпары, темір

архалугі, темір дулығасы бар, – дейді.

Жырдың тағы бір жерінде:

Зе торкон ва аз даште найзаварон,

Зе хар су биомад сепохи герон.

Түркілер мен найзалилар даласының ар жағынан ауыр салмакты әскерлер шықты (157-Ковустың Хамеварон Шахымен соғысы). Немесе, герон лашкари сохт Афрасиаб–Афрасиаб ауыр салмакты әскер құрастырды, – делінген. (158 - бет. Ковустың Хамоварон Шахымен соғысы).

Қытай деректері бойынша, “Ту-кюлер (түріктер) өздерінің лагерінде тұрып жатқан еді. Бір кезде тау жакқа көзі түседі. Ол тау дулыға түрінде көрініс берген екен. Сөйтіп, олар дулыға атын алған болып шығады. Бұл кауымның тілінде дулыға ту-кю сөзімен берілген. Сондықтан да олар өздерін Ту-кю деп атап кеткен” (Schott. Über die altaische Sprachgruppe. Berlin, 1849,12-б).

Түрік атауын дулыға мәнімен тәндестіре қаастырған авторлар бірен-сарап емес (Lim-Mash – Tsai. Die chinesischen Nachrichten Zur Geschichte der Ost-Turken, I. Wiesbaden, 1958,40-б). Бұл ретте Ж.Ж. Гессстің пікірін тілге тиек етуге болады: түріктерде осындей ат беру үрдісі ертеден

бері жалғасып келе жатыр. Бұл жаңа парсы тіліндегі “тарғ” сөзімен үндес. Бірак бұл сөз түріктер мекендердеген жерлерді онша көп колданылмаған ... Осы ойды Бернхард Мункасчи де қуаттайды. Оның пікірінше, қытай тіліндегі tulu-ko (түрік) шағатайдағы дулуға (казакшадағы – дулыға) сөзіне тұра келеді.

“Шахнамада” сүреттелген түріктер каруының сипаты сак-скиф заманында көшпелілер қолданған кару-жарак жөніндегі деректер мен еңбектердің жинақтаған Француз зерттеушісі Жан Пауль Роухтың жазғандарымен үйлесетін тәрізді. Түрік көшпелілері, әсіресе екі жағы өткір канжарын қасынан бір елі де тастамайды. Жебелі садак асынған жауынгер сырый басына байланған жібі бар құрықпен салт атты әскерді оп-онай ғана атынан домалатыш түсіре алады. Жалпы алғанда, канжар тағып, садак асынып жүретін жауынгер өте әсерлі де сиқырлы түрде көрінеді.

Сібір мен Монголиядағы жартастарда әскерлердің тізе бүгіп оқ аткан және коладан жасалынған скиф кеселерінде садак атқан жауынгердің бейнелері сомдалған. Қырымдағы Күл Обадан әкелініп Эрмитажға (С. Петербургтегі) койылған алтын бешпенттің әшекейлері көз тартады: екі скиф жауынгерінің біріне-бірі сыртын бере садак атуға дайындалып тұрған позасы бейнеленген (б.д.д. IV ғ.) (Jean Paul Roux . L'Asie Centrale- Histoire et civilisations, Fayard, 1997, 37-42-б).

Көріп отырғанымыздай, ежелгі түріктердің көк темірден бес каруы сай болды.

Ертеде түріктер темір, алтын, күміс, қалайы, мыс металдарын айыруши темірші (металлист) халық болды. Бұл ұлы “темір балқытушылар” темір рудасын тауып, қайнатып, көміртегі тотығын “косу арқылы құрыш деп аталатын кеуекті металл айырып алып отырды. Тіпті қазірдің өзінде бұл ертедегі түріктер құрыш деп атаған металдың сапасы домналық балқытудан әлдекайда жоғары деп есептелінеді” [35].

Түріктер темірді теңдік әперетін құрал деп білді. Халық тағдыры алmas семсер жүзінде тұрған заманда бұл түріктер үшін кару жасау бірінші кезектегі мақсат болды. Олар құрыш деп аталған темірден әнтек кайқылау келген ұзын қылыш, екі жұзді ауыр семсер, ұзындығы бір кез қырлы құрыш сұңғлі найза, құрыш масақты ыскырық оқ, мүйіз жак, темір сауыт, іші макпал, етегі мойынды жапқан темір калпак (дулыға) [36] жасады. Сол сиякты “ер жолы атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді” дегендегі, тұлпар ат сиякты мықты кару тапты. Сөйтіп бір кездегі “жатак халық” көк темір құрсанып атқа конды.

Б.з.д. мыңжылдықтың басында Түркістанның ертедегі тайпалары темірдің тез балқитын түрлерімен таныс болған. Мұны Қарқаралы қаласына жакын орналасқан Суықбұлак коныс-жұрттың қазу кезінде Тогай-1 кенішінен табылған темір кенінің үйіндісіне қарап білуге болады [37]. Дегенмен, ежелгі Қазакстанда мыс пен қалайы өндіру негұрлым басым болды.

Қарақалпакстан территориясындағы Бұқан, Нұра тауларында, Құзбай күм үнгірінде, Өзбекстанның басқа аймактарының жер астындағы

лабиринттерінде мыс балқытатын пештер болған. Байсұн-тау, Кухи-танге, Чаткал, Құрама тауларында мыс, алтын, күміс өндірілген жерлер аныкталды.

Массагеттердің өлкелерінде, деп хабарлайды грек тарихшылары, алтын мен коладан көп көлемде жебе, найза, қылыш және соғыс балталары жасалынатын. Алтыннан дулыға және белбеу (белдік) істелінетін [38]. Олардың аттарының ауыздық-жүгендерінің элементтері алтыннан жасалынған [39].

Демек, ежелгі сак-массагеттердің еңбек құралдары, кару-жарактары, казандары және т.б. тұрмыстық бұйымдары олардың металл құю техникасы мен көркемдік мәдениетінің жоғары және Түркістанның өртедегі темір дәуірінде металлургия өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді.

Түрік қағанатын құрган Бұмын мен Истеми қағандары Темірші тайпадан шыққан. Мұның өзі теміршілік кәсіптің түрік жұртында ерте замандардан бері жалғасып келе жатқандығын көрсетеді. Бастапқыда теміршілік түріктерде бір қасиетті де шарапты іс ретінде саналған. Бағзы замандарда су, ауа, баспа, киім-кешек және тамақ сиякты темір де өмірлік кажетті игіліктердің катарынан орын алған. Бара-бара ол тылсымдық күш ретінде Ел назарынан қалды. Сонымен бірге, темір мәдени-тұрмыс кешкен адамдарға Тәнірі тарапынан берілген зат есебінде түсінілетін болып қалды. Бірақ олардың санасында темір берілген тәнірлік қауым басқаларға қарағанда ұстемдікке ие болу керек деген ой-сезім де ұялап қала берді. Сондықтан олар Тәнірге дән риза еді. Түріктер темірді “Көк темір” деп атаған. Ер адамдар қылышпен ант ішетін. М. Қашқаридің Луғатында “Көк темір кері тұрмас” деген тіркес бар. Оның мағынасы – “көк темір босқа тұрмас” [40].

Түркілерде темірші – адамға жамандық келтіретін Албасты рухының үлкен дұшпаны. Профессор Абдулқадыр Инанның жазуынша, казактар босанатын әйелдерді жаман рухтардан корғау үшін темір бөлігін қолына алып: “Темірші келді! Темірші келді!” – деп дауыстайды. Сенім бойынша, осылай етілсе, теміршінің аты атальсымен, албасты коркыл, екіқабат әйелдің жанына жоламайды екен [41].

Ерте заманда Орталық Азиядан Еуропаға барған темірші түрік қауымдарын Христиан әлемі Ежуж-Межуж деп таныған екен. Бірақ түріктер өздерін бұлай атауды кош көрмеген [42].

Христиандық Сирияда бітілген ақыздан, Ергенекон анызы және Хундар жөніндегі әпсаналардан мәлім болды: Ескендір Хундардың Оңтүстік аймақтарға өтуінен қауіптеніп, солтүстік-шығысқа жол алады. Дижле мен Фырат (Тигр-Ефрат) өзендерінен өтіп, қазіргі Шығыс Түркияға жетеді. Одан соң Мушаш атты бір тауға жетіп келеді. Бұл таудың ішінде бір жазық жер бар еді. Жан-жағынан жартастармен қоршалған. Ұлы Ескендірді оның қасындағы саудагерлер бұл жерде адамдардың бар екендігінен хабардар етеді. Бұлар – Нұх пайғамбардың Яфес атты ұлының ұрпактары-мыс. Ескендір бұл жерден ешкімнің де шыға алмауы үшін таудың бір тесік жерін бекітпекші болып, үлкен темір есік жасауға бұйрық береді. 3000 темірші

және 3000 мыс ұстасын алдырып, темір қақпа жасатады. Оны Дариел өткеліне койдыратады [43].

Арабтар “шын түрік” (ат түрк ал-хахихи) дегенде Қағандық түріктерді (ат түрк а хақания) мезгей айтқан. Бұлар өздерінін тегін бір темірші халыктан таратады. Сол-теміршілік кәсіп арқылы құлдықтан, киындықтан және қараңғылықтан құтылған көрінеді. Оларды қытайлар жужандардың (абарлардың) теміршілері деп атаған. Шығыс Түркістандағы Бархан жерінен табылған металдардан жасалған бұйымдар Қашқарда да кездеседі. Осындай металдар Тянь-Шань, Алтай, Орал және Саян тауарынан көпtep табылған. Бұларды өндіру мен бұйымдар жасау ісі жергілікті түркілердің ата кәсібі болғандығы туралы көне аныздарда айтылады.

“Шахнамада” Рустамның түріктер даласына келгені сүреттелген:

Дегар суй Серахе ва биобонат,
Пиш гале гаште дар аху ва миш,
Хаме дашт пор харге ва хейме кешт.

(168-Ковуспен Хамаваран ...) [44].

Серахстың аргы беті шөл-дала, отар-отар қойлар мен маралдар жайылып жүр, дала толы үлкенді-кішілі киіз үйлер. Сөздіктерде Харге – үлкен шатыр, ал Хейме – шатыр түрінде берілген. “Шахнамада” киіз үйлер мен шатырлардың ара-жігі ажыратылмаған. Сондыктан да біз, түркілерге катысты шатырды киіз үй деп атағанды жөн көрдік. Жырда Ирандықтарда да шатыр болғаны жазылған. Бірақ, шатыр ирандықтарда негізінен соғыс кезінде пайдаланғандықтан біз оны шатыр деп атадық. Мысалы:

Манучехр сүйе хеймей хиш боз омаданд (75- Манучехр)

Аудармасы:

Ираж Турға келгенде екеуі киіз үй ішінде сұхбаттасады:

Берафтанд бо бехейне дарун. (41-бет-Фаридун)

Аудармасы:

Онымен бірге (Турмен) киіз үй ішіне кірді.

Ирандықтар мен Тұрандықтарға катысты шатыр мен киіз үйді бөліп атау себебіміздің бірі, Тұрандықтар соғыста және бейбітшілік кезінде де Ирандықтарды қабылдауды киіз үйде жасайды, ал Ирандықтар – тас сарайларда. Тек соғыс кезінде ғана шатыр Ирандықтарға катысты айтылады (Ж. Жомарт).

Бұл жерде айта кетерлік бір жәйіт – киіз үйдің құрамдас бөліктері атауының түрікше екендігі. Ол Ираншада да, басқа тілдерде кездеспейді.

М.М. Мендіқұловтың жазуынша, “Қазакстанның кең байрак территориясы мен Хорезмнің солтүстік аудандарына тараған мавзолейлердің тобы ғылыми әдебиеттерде коникалық немесе пирамида тәрізді құмбезінің болуына орай шатыр тәрізді деп аталады” [45]. Зерттеушілер мұнара тәріздес Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Бегім Ана (Сырдария) мазарларын исламға дейін салынған оғыз-қыпшак дәуірінің ескерткіштеріне жатқызады [46]. Бұл

мазарлардың шын мәніндегі киіз үй пошымына ұқсауы назар аудартарлыктай жәйт. Ә. Марғұлан киіз үйдің көне үлгісіне Орталық Қазақстанның Бөгелі сайынан табылған андроновтық тұрғын үйді жаткызған [47]. Осы текстес ескерткіштер өз бастауын исламға дейін-ак, көне казак жерінен алғанын байқау киын емес.

“Шахнамада” тұрандықтардың көшпелі өмір сүргендігі тілге алынады. Жырда Тұрандықтардың көшпелі өмір сүргендігіне тағы бір дәлел Рустамның Афрасиабқа:

Надони ке Иран нешастман аст
Джахоне сар сабз зир дасте мен аст.

(164-Ковуспен Хамеваран шайқасы)

Аудармасы:

Сен Иранды отырықшы екен деме, жасыл-желек әлем менің кол астында, деген тұсы.

Тағы бір жерінде – Тұран жері бос жатқан кен дала ретінде суреттеліп, ирандықтардың бұл жерде койлар мен шопандарды қырғанын жазады:

Куджо буд бар даште Турон иле
Герефтанд бесиор ва коштанд низ мавуд аз бад вахт монанде чиз.
Галедор ва чуломе васи коште шод.

(336-Сиявуштың өлімі)

Аудармасы:

Тұран даласы бос жатқан жер, бұл жерде көп нәрсе алынып, көп нәрсе жойылды, жеткілікті түрде қойшылар мен малшылар өлтірілді.

Иран патшасы Афрасиабка өз өкпесін айтып, неге шабуыл жасадын дегенде:

Чу горг омади дар мионе раме. (193-Сухраб)

Аудармасы:

Отарға шапқан касқырдай болып келдің, дейді. (Жомарт).

Бақсы көмегімен жауға карсы кар, сұық жіберу түркілер үшін үйреншікті нәрсе болды. Жырдың тағы бір жерінде:

Ва аз ин ру бар олад иеки тонд бод
Ке каси ро аз Ирон набод разм иод.
Иеки абрे тонд андар омад чу гард
Зе сармо хами лаб бедандон фесард.
Саро парде ва хей меҳо чаشت иах

Кешид аз бар күх бар барфе нах (331-Сиявуш өлімі), –
деген жолдарды окуға болады.

Аудармасы:

Бұл тараптан бір ала құйын шыкты,
Оның артын ала дөңгеленген бұлт шыкты.
Суықтан еріндер тіске жабысты,
Шатырлар мұзға оранды.
Тау басынан кар жауды.

Жырда Тұрандықтардың дәстүрінде тұс жорушылар мен жұлдызшылар да маңызды орынға ие болғандығы жайлы деректер мол. Мысалы, Афрасиаб тұс көргенде оны жорытуға адам іздестіреді. Сонда Гарсиуз былай дейді:

Гозараждай хоб бояд каси ке
Аз донеш андазе^{*} е дорад баси.
Бехоним би дордел мубадон
Аз охтар шеносон ва аз бехардон (220- Сиявуш).

Аудармасы:

Тұс жоритын адамның білімі жеткілікті болу керек. ойы сергек баксылар, жұлдызшылар мен ақылгөйлерді шақырайык.

Барман Пиранға былай дейді:

Кезе асман созар нист (339-Қытай каканы).

Аудармасы:

Аспаннан артық ештеңе жок.

Мұның өзі Тәнірлік сенімнің көрінісі-нышаны. Түріктер “Аспан” дегенде көк Тәнірін назарда тұткан.

“Шахнамада” тұрандықтар мен ирандықтардың екі дүниетаным, басқа-басқа этникалық қауымдастықтар өкілдері ретінде сүреттелетін жерлері аз емес. Бұл ретте мына бір жәйттің аса маңызы бар екендігін айта кеткен жөн.

“Шахнамада” жазылғандай, Иранның алтыншы шахы, Ирадждың немересі Манучехр өмірінің соңғы сәттерінде мұбад-мұнажжимларды және ұлы Наузарды шақырып алыш өсіет сөзін айтады:

Фаридунның ак жолынан таймастан,
Сактап келдім елді зұлымдардың қармагынан.

Ол және деді: Енді Фаридуннан маған мирас бол қалған тәж бен тақты өзінде тапсырамын. Ғұмыр кешерсін ештеңе көрмегендай. Бірак аттанарсың бір күні сен де мендей. Ойла сонда артынның былықпауын, есімінді халқынның ұмытпауын. Ұрпағының артында қарғамауын:

Тұрленіп әр жағынан әділет жаңарап.
Жаңаңға келер жаңа пайғамбар.
Машырактан шығар бауыры кен сүттей ак,
Козғатпа кек-жанжал. бірак бол сак.
Оған ер, сол болады Яздон діні,
Ізгіліктің негізі, болады діні.
Яздон сызығынан шықпағын ешбір заман,
Оның үкімінде ғой жаксы-жаман.
Кейінрек Туроннан келер керемет сипох^{*},
Иран так-тәжіне көтергейсін салох^{**}.

* Сипох-әскер

**Салох- туралық, туралықты жактайтын кісілер.

Көп қыйын дәуірлер алдында ұлым,
Бол, кейде бөрідей жеңіп, кейде қойдай жым.
Тұраннан зор шығар әкесі Пашан,
Сонда болашак дүние тар болады саған.
Жамандардан сактадым елді, жаңанды,
Жерде құрдым қанша қала-қорғанды.
Бірак дүниеде бір сәт қана өмір сүргендей болып,
Өткен жылдар қас-қағымда ғайып болып.
Ашы болса егер ағаш миуасы,
Неге жарап өскен түр-тұлғасы.
... Бір заман Фаридун – бергендей маған.
Сыналған бұл тәжді берермін саған.
... Егер жақсылықтан қалдыrsaң нышан,
Елде атың жарқырап тұrap көп заман.
“Жаса” десін тек қана артынан,
Ей, пәкдін, таралған пәк ата-бабаларынан.
Иманынан тайқып кетпе, ұлан,
Ізгілікке бастар кісіні иман.
Ұлым, қанша келсе де косын көп есепсіз,
Тек Зол мен Сомнан медет күтерсіз
Және өніп өскендер бар ұрығынан Зол,
Ісіңе жарайды, қанша қаласаңда ол.
Тұран жері жатыр оның аяқ астында,
Жауларыңың жазасын берер жайында.
Осы сөздерді айтып, көзіне жас алды,
Ұлы да касында жылап қалды.
Ақырын бітіріп Калн сөзін,
Бір сұық аң деп күрсініп жұмды көзін.

(Манучехрдың өз ұлына айткан өсиеті).

Бұдан мағлұм болды: Манучехр ұлына өз дінінді, сырынды, тілегінді ұмытпа, Шығыстан бір Пайғамбар келер деп өсиет айтады. Ол – Зардұшт Пайғамбар. Өз дінің деп отырғаны, ата-бабалар діні- Зорострізм. Және ол Яздонның сызығынан шықпағын деп ескертеді. Бұл Яздон – “Авестода” тілге атынған Ахура Мазда Құдай. Соның дінін ұстансан сені ешқандай жау ала алмайды, тіпті тұрандықтар, Пашаңың ұлы кисапсыз косындарымен шабуылдаса да зиянын тигізе алмайды. Бұл жерде Манучехрдің айтайын дегені ирандықтардың табыну нысанасы. Негізгі табыну нысанасы ретінде Яздон көрсетіледі (Изад. көбінесе Яздон ирандықтардың Маздак немесе Зардұшт дініндегі ізгілік, қайырымдылық, мейір-махабbat құдайының аты. Ирандықтардың ұғымында, әсіресе Манучехрдің өсиетінде Тұран – Яздондық

сенімнің тыскарысындағы Ел). Біздің бұл тұжырымымызды Мехронның* Кайдқа** берген жауабы айқынданай түседі. Кайд түс көреді:

Үшінші түсімге таба алмаймын сөз.

Өтер көз алдынан бір мата-бөз

Асылып барап еді оған төрт еркек,

Көгеріп кеткен еді жүзі-көзі, йек.

Бірак жыртылmas еді бөздің еш жайы,

Асылғандардың да жоқ еді пәруайы.

Бұл түсті жорыған дана Мехрон деді:

... Аз ин пас биояд йеки Номдор.

Зе даште савороне нейзегорон.

Йеки марде покизе ва никхуй.

Иеки пире дехконе оташпараст

Беду дине Яздон шавад чорсуй.

Ке пор воже берасм бегирад бедаст.

Дегар дине муса ке хони жахуд

Ке гүяд джоз он ро нашояд сетуд.

Дигар дин йунони он парса

Ке дод овард дар деле падша ...

(Искандар патшалығы, 804-б.).

Аудармасы:

Тағы бір түсінде көрініпті бөз,

Ділі пәк төрт кісі оған тіккен көз.

Бірак ол мата тартқылаудан жыртылmas,

Төртеуlep тартқандар да еш жалықпас.

Мата – дін. Ол құдайдың шапағаты болады,

Тартқандар онын қарауылы болады.

Біреуі – отқа табынушы дикан діні ол,

Бірталай ұлыстардың жолы, жарығы ол.

Басқасы Мұса жолын ұстанушылар – жойт діні,

Тек бізге ғана арналған Яздон тахсині***.

Бірі мәшіүр-міс Юнон**** елінде,

Әділет оятар-мыс шахтың ділінде.

Төртіншісі ғажайыб, биік дін,

Сылап-сипар даналар пешенесін.

Бір-бірімен таласып жатар төрт дін,

Олардан туындар жауығу, араз бен кин*****.

Бұдан кейін келер тағы бір норгул*****,

*Мехрон-бір данышпанның есімі.

**Кайд-Үндістан падишаһы.

***Тахсин-мактау. макұлдау.

****Юнон-грекия

*****Кин-кек. қаңар

*****Норгул-алып тұлғалы

Найзагер аттылар саныдан болар ул.
Ынсапты, пәк жанды кісі болар ол,
Яздон дінін төртке бөліп берер ол.

(Шохнома. Искандар патшалығы тарауы. Қаннуч падишаһы Кайдтың тұс көруі және Мехронның Кайдка берген жауабы).

Бұдан мағлұм болды: Яздон – отырықшы үнділік (Үндістан данышпаны айтып отырғой) және ирандық дикандардың, яғни арийлік отқа табынушылардың діні. Тек бізге ғана, делінген жырда тән болады, жарасады Яздонды мактаумен макұлдау. Басқаша айтканда, Яздон тахсині арийліктерге ғана арналған. Сондай-ақ, жырда еврейлер мен гректер діндері де тілге алынған. Ал қалғаны – төртінші дін кімдердікі? Ол ғажайып әрі биік дін, яғни дүниедегі биіктірдің бәрінен биігі Көк Тәнірі емес пе?

Бұл діндегілер бір-бірімен жауыға бастайды. Сонда найзагер аттылар сапынан болған (тұрандық салт атты әскер деп ұғыну керек, өйткені салт атты әскерді алғаш рет Түріктер дүниеге әкелген [48]) Алып тұлғалы біреу келеді де Яздон дінін бөліске тұсіреді. Бұл Тәнірлік сенім Барманның (Тұран колбасшысының бірі) Пиронға (Афрасиабка жақын жүрген билеуші) айтқан мына сөзінде де өз көрінісін тапқан:

Кезе осман созар нист (“Шахнама”, Қытай қақаны, 399-б.).

Аудармасы:

Аспаннан артық ештеңе де жок.

Педар осман бод ва модар замин (704-б.).

Аудармасы:

Аспан – әке, ал жер – ана.

“Шахнамада” Тұрандықтар мен Ирандықтар, бір-бірінің мінездіктерінде қарама-қарсы етіп көрсетіледі. Мысалы: Афрасиаб өз колбасшысын Иранға жорықка жіберер алдында:

Демир бош ва хордманд, ва хошнор бош,

Бебош андарун низ бидор бош,

Ке Ирон кон мардоми риманд (123-Кейкүбад), – дейді.

Мағынасы:

Батыр бол, ақылды бол, сак бол, сергек бол – Ирандықтар лас (арам, жымысы, қу) адамдар.

Бұл ретте ирандықтар тұрандықтардан да асып түскен. Мысалы, Гуштасп (Иран шахы) Тұран патшасына хат жазғанда:

Хаме Ираджи заде ва пахлави,

На Афрасиаби ва ябғу (653-б.).

Аудармасы:

Барлығы (Ирандықтар) Ирадж нәсілді пахлави,

Афрасиабтан туған Ябғуй емес, – дейді.

Бұл елдердің бірін-бірінің мұндаидар тұқыртуын “Шахнаманың” көп жерлерінен кездестіруге болады. Этностарға тән ерекшелік – “Мен” және “Ол” қарама-қарсылығы жырдың өнене бойында көрінісіп тапқан деуге болады.

Мысалы, Тұранның Ирандықтарға жіберген елшілері оларға былай деп айтты:

Зе бод ва зе хок ва зе Об (Силвуш 217-б.).

Аудармасы:

... Афрасиаб жел, от, топырак пен судан жаратылған.

Мұнымен Афрасиабтың ұлы күш-кұдыретке ие тенсіз бағадүр екендігін білдірмекші болған.

Көне дәуірдегі грек философиясы жаратылысты төрт нәрсеге негіздейді. Бұрынғы діни кітаптарда адам топырактан және Алланың нұрынан жаралған делінген. Ендеши. Афрасиаб та ерекше жаратылыстың туындысы дегенді аталмыш елшілер қадап айтпакшы болған, солай деп сипаттауды қатты калаған.

Тұрандықтардың түркі тілінде сөйлегендігі жайлы деректер жетерлік: Гударз Тұранға өз адамын жібергенде:

Забон ро бе торки биорости – яғни, түркі тілінде сөйле, – деп тапсырады (285 - б. - Сиявуш).

“Шахнамада” Тұрандықтардың Базур атты бақсысы суреттелгенде:

Бедонесте чини ва хам пахлави – ол қытай мен пахлави (парсы) тілін менгерген делінген (359-б.–Камус Кошони). Яғни, Ирандықтар пахлави тілінде сөйлесе, түркілердің өз тілі болғандығы анық.

Тұрандық Пирон отбасынан шыққан Тахмина ұлы Сұхробтың қайтыс болуына байланысты оның тағын төменге лактыртады, ол тұрған сарай мен мейрамханаларды есігін караға боятады, атын алдыртып оның жалын күзетеді де, құйрығын кестіртеді (Шохнома. Сұхроб өлімінен анасының хабар тапқан тарауы).

Бұл тұрмыс салты кейінгі кезендердегі түріктерге тән болып, біздін заманымыздың II мыңжылдығында да бой көрсетті. Ендеши, аталған замандарда өмір сұрген этникалық топтар мен тайпалардың арасындағы этникалық байланыстың болғандығына күмәндануға болмайды. Көне Тұран мәденистімен де ию-қилю тамырластықтың жатқанын қоса кеткіміз келеді.

Сөйтіп, біз Турдың, Афрасиабтың түрік тегінен екендігі “Авесто” арқылы нақты анық та ашық айқындалмағаның өзінде (“Авесто” бойынша, адамзаттың алғашкы бабасы – Каюмарт. Оның ұрығыдан бір еркек кіндікті және бір әйел пайда болады. Олардан Силмак пен оның әйелі Нисок, бұлардан Фраван мен Фравакайн туылады. Олардан тағы он бес жұп перзент дүниеге келеді. Жердегі барша адамдар осынау жұптың бірі Хушаң мен оның жұбайы Гөзак болып, ирандықтар солардан тараптады. –“Авесто”, 327-328-б.) бұл Турды. Афрасиабты, Тұрандықтарды, олардың қауымын “Шахнамада” көрсетілген сенім, салт-дәстүр, жер-су, адамдар, кейбір лауазым аттарымен анықтауға болатынын көрдік. Тіпті Тур мен Афрасиаб есімдерін ирандықтар-арийліктер койған (немесе берген) болуы мүмкін немесе Турлардың тегі тіпті ирандық та болуы ықтимал деп тұжыруға да болады, бірақ олардың этносалты, тілі түрікше болғаннан кейін бәрібір түрік болып есептеледі. Бұл

— занылық. “Насабнама” бойынша, Ясаудің арғы тұп-тұқияны — араб, бірақ оны өмірде ешкім де араб деп атамаған ғой. Сірә, Афрасиабтың шын аты Тоңа шығар. Ирандықтар оның бақадүрлік касиетіне қарап иранша Афрасиаб деп өзгертіп алған да болуы мүмкін. Адам баласының қайсы этносқа жататынын акырында тегі емес, оның этникалық ортасы мен қалыптасқан мәдениеті анықтайды. Бұл — бұлжымас занылық.

Афрасиаб тұрандықтар патшаларының жынтық атауы болғандықтан, ол жөнінде сөз қозғау турлар, сак-массагеттер, скифтер және басқа түрік тайпалары туралы да сөз ету болып табылады. Себебі, Афрасиабтың артында осынау тайпалардан құралған Елі тұрды ғой. Демек, Афрасиаб тақырыбы, сайып келгенде сол заманың, яғни б.д.д. I мыңжылдықтың басы мен орта тұсында өмір сүрген түрік қауымдастығының мәселесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Jean Paul Roux. L' Asie Centrale-Histoire et civilisations. Fayard. 1997. 44-6.
2. Бұл да сонда.
3. Авесто. Тахрон. Гиштар касидасы. бөлім. 31-бөлік. 1991, 1-2 том.
4. Бұл да сонда. “Яштар”. Ардивисура Анахита касидасы. 18-бөлім. 84-бөлік.
5. Сонда. 15 бөлім, 65-бөлік.
6. Сонда. 26 -бөлім. 131 бөлік.
7. Сонда. 18-бөлім, 84-бөлік.
8. Авесто. Мансур Яштар. Фарвардин касидасы. 9-бөлім. 37-бөлік. Техрон. 1999. 1-2 том.
9. Фирдавсий А. Шохнома. Тахрон. “Катра баспасы”. 1999.
10. Сонда. 544, 546, 569, 594, 469, 495, 499, 445, 653, 1270-бб. және т.б.
11. Фирдавсий А. Шохнома. Сұхроб тарауы. Техрон. “Катра баспасы ”. 1999.
12. Авесто. Мансур Яштар. Фарвардин касидасы, 24-31 бөлімдері. 96-31-бөліктер.
13. Сонда. Яштар. Ардивисура Анахита касидасы. 20-бөлім, 93-бөлік.
14. Сонда. Аша касидасы. 9-бөлім, 50-бөлік; Дравоспа касидасы. 6-бөлім. 30-бөлік.
15. Сонда. Фарвардин касидасы. 9-бөлім, 37-38-бөліктер.
16. Сонда. Аша касидасы. 9-бөлім, 50-бөлік.
17. Сонда. Гохтар. Ясна. 46-хот, 12-бөлік және Яштар. Ардивисура Анахита касидасы. 20-бөлім, 93-бөлік.
18. Pundahist. ed Justi. Leipzig. 1968. сар. xxx. 39-40-6.
19. Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен. Санкт-Петербург. 1896. 409-410-б.; Eduard Meyer. Geschichte des Altertum. 905-б.
20. “Русский антропологический журнал”. 1900. N: 3. 64-6.
21. Х. Қаҳрай. Ахеменилерден қазіргі заманымызға дейінгі Иран шекаралары // Систан және Белуджистан университетінің хабаршысы, гуманитарлық ғылымдар сериясы, 1379, № 10.
22. Фирдавсий А. Шохнома. Тахрон. 1999. 545-б.
23. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.. 1964. 166-б.
24. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Труды ИИАЭ АН КазССР. Т.1. Алма-Ата. 1956. 57-б.
25. Фирдавсий А. Шохнома. Техрон. “Катра баспасы ”. 1999.
26. Бұл да сонда. 556-б.
27. Авесто. Яштар. Аша мадагы. 9-бөлім. 50-бөлікше. Техрон. 1991. 1-2 том.
28. Фирдавсий А. Шохнома. Техрон, 1999.
29. Коштарий М. Девону лүғотит түрк. Уч томлик. Т.. 1963.

30. Гумилев Л. Киял патшалығын іздеу. Алматы. 1992. 139-б.
31. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т..1, кн.первая. М.-Л.1952,139-б.
32. Лувсанданзан. Алтан товч. УБ. 1990. 148-б.
33. Малов С.Е. Памятники древнетюрской письменности. М.-Л.. 1952. 33-бет.
34. "Көг" сөзі жөнінде караныз: Кошғарий М. Девону лүғотит турк. Тошкент. том III. 144-б.
35. Киселев С.В.Древняя история Южной Сибири. М..1951.315-б.
36. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Г.1, М.-Л.. 1950. 229-б.
37. Маргулан А.Х. "Древняя культура Центр. Казахстана." А., 1966. 296-б.
38. Herodotos. Herodot Tarihi (Зев. Мұнтекім Ікмен). Istanbul, Remzi Kitabevi. 1973. м.1. 215-б.
39. Hermann A. "Massagetai". Pauly's Real Encyclopddie der Classischen Altertumswissenschaft. 1930: 2126.
40. Kaşgarlı M. Divan-u Lugatit-Turk, II, Ankara. 1939-1944. 11-б.
41. Inan A. Orun ve ыlyş meselesi // Türk Hukuk ve İktisad Tarihi Mesmuası, 1931. 84-б.
42. Prof. Dr. Bahaeeddin İçgel. Türk mitolojisi (Kaynaklar ve azıkłamaları ile destanlar). I. Cilt. Ankara. 1993. 70-б.
43. Бұл да сонда. Ergenekon efsanesi ve Ye'cuc-Me'cuc Seddi. 71-б.
44. Фирдавсий А. Шохнома. Гекрон. 1999. 168-б.
45. Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. Алма-Ата. 1987. 35-б.
46. Акишев К.А. Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана.. Алма-Ата. "Ғылым" 1979. 99-б.
47. Маргулан А.Х.. Акишев К.А.. Древняя культура Центрального Казахстана.. Алма-Ата. "Ғылым", 1966. 228-б.
48. Сайран Әбушәріп. Жылқышылық – түркі өркениетін өрлеңтүге септескен бастау күш// "Түркология". К.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. Түркістан, Кыркүйек-Қазан 2002 ж.. №: 1, 66-72 – б.